

«ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ САҚТАУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЕҢ БАСТЫ ШАРТЫ»

Шымкент қаласы М.Әуезов атындағы ОҚУ «Техникалық мамандықтар бойынша шет тілдер» кафедрасының оқытушылары арасында «Ұлттық болмысты сақтау - рухани жаңғырудың ең басты шарты» тақырыбында рухани жаңғыру аясында іс-шара өткізілді. Мұнда жастар санасына білім мен тәрбиенің терең сіліріп тәрбиеленуі мен іске асырылуы талқыланды.

Жалпы «Рухани Жаңғыру» – барлық заманауи тәуекелдер мен жаһандық жанайқайды қоса алғандағы қазақстандық рухани құндылықтың жандануына бағытталған Мемлекет басшының бағдарламалық мақаласы. Мақала ұлттық бірегейлікті сақтау, азаматтар санасының ашықтығы мен білімге баулуын дәріптеу, прагматизм,

бәсекеге қабілеттілікті арттыру, қоғамдық сананың жаңғырудыдың маңыздылығын алға тартады. Бұл қасиеттер заманауи қазақстандықтардың негізгі бағыты болуы қажет.

2017 жылы 12 сәуірде Елбасы Н.Ә. Назарбаев езінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласында Қазақстанның болашақ дамуына байланысты бірқатар басым бағыттарды атады. Соның ішіндегі басым бір бағыт – «ұлттық бірегейлікті сақтау» мәселесі. Ол аса маңызды бағыттардың бірі екені анық.

**М.О.Мусалиева, С.Н.Құрбанбаева,
Техникалық мамандықтар
бойынша шет тілдер
кафедрасының аға оқытушылары**